


Сабақтың тақырыбы:

Синтаксис және оның күрделі сөйлемдегі түрі.



# Сабақтың мақсаты:

- а) Білімділігі:** Синтаксис сөзі грек тілінен аударғанда құрастыру, біріктіру сөзі екенін, сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, сөйлем құрай алатынын түсіндіру.  
Сөйлем құрамындағы сөздердің өзара грамматикалық байланысына негізделетінін білу .
- ә) Дамытушылығы:** Өрелі ой еркіндігін , мәдени сөйлеу дағдысын дамыту.
- б) Тәрбиелігі:** Өзара көмек және ұжымшылдыққа тәрбиелеу



**Синтаксис** – (грекше syntaxis) грамматиканың морфология сияқты өзекті саласының бірі. Грамматиканың тең праволы, әрі өзара тығыз

байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады: морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді:

- 1. Сөз тіркесінің синтаксисі,**
- 2. Сөйлемнің синтаксисі.**

Сөз тіркесі –сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем –кісінің ойын айтудың негізгі формасы.

Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде өзара байланысты категориялар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық құрылысын зерттейтін ілімді *синтаксис* десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин арқылы атаймыз.



# Синтаксис

## Сөз тіркесінің синтаксисі

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

## Сөйлемнің синтаксисі

Сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Меңгеру, қабысу  
дегеніміз не?  
Мысал келтір.


Қиысу, матасу  
дегеніміз не?  
Мысал келтір.

Сөздердің байланысу  
түрлері нешеу және  
оларды ата.

Сөздердің неше  
байланысу тәсілдері бар?

Синтаксис қандай  
сала және  
қай тілден енген?

Қабысу мен жанасудың  
ұқсастығы мен  
айырмашылығы



# Сөйлем синтаксисі типтері

Жай сөйлем синтаксисі

Жақты

Жақсыз

Толымды

Толымсыз

Атаулы

Құрмалас сөйлем синтаксисі


Салалас  
құрмалас

Сабақтас  
құрмалас

Мысалдар	Есімді тіркес	Етістікті тіркес
Қызықты кітап		
Мәнерлеп оқу		
Асыл тас		
Оқыған адам		
Білім қуу		
Мысал жазу		
Ізденген оқушы		
Нұрын сепкен күн		
Тіл меңгеру		



Мысалдар	Қиысу	Меңгеру	Матасу	Қабысу	Жанасу
Мен үйрендім					
Өткірдің жүзі, Кестенің бізі					
Ерте туып, кеш қалған					
Темір күрек					
Үйді көрдім					



1. Тұрлаулы мүше
2. Екі я одан да көп адамның сөйлескен сөзі
3. Толықтауыштың бір сөзі
4. Оқшау сөз
5. Құрмалас сөйлемнің бір түрі
6. Тыныс белгісі
7. Жай сөйлемнің бір түрі
8. Сөздердің байланысу түрлерінің бірі
9. Сабақтас құрмаластағы тиянақты сөйлем